

«Тексерілді»
«№23 «Төлағай» бөбекжайы»
жедел басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері
 К.Е.Берниязова

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет
Тақырыбы: «Жүппен дене қимылын дамыту.»



Дайындаған: Сақтаганова А.

2025 жыл

Тақырыбы: Жүппен дене қимылын дамыту.

Мақсаты: Балалардың негізгі қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру; Жүптық әрекет арқылы ұйымшылдық пен өзара көмек сезімін қалыптастыру; Қимыл белсенділігін арттыру және көңілді көңіл-күй сыйлау.

Құрал-жабдықтар: Орындықтар, арқан, доптар, таяқшалар, мысықтың маскасы.

I. Кіріспе бөлім.

1. Оқушыларды сапқа тұрғызу.

«Сәлемдесу», Оңға, солға, кері бұрылу жаттығуларды - орындау

-қолды жоғары ұстап аяқ ұшымен жүр

-екі қол белде өкшемен жүру

-екі қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру

-тіркеме адыммен оң және сол бүйірмен жүгіру

-арқаны алға қарата оң иықпен қарап жүгіру

-алға қарай созылған қол алақанына екі тізені тигізе жүгіру

-бір калыпты жеңіл жүгіру.

II. Негізгі бөлім . Жалпы дамыту жаттығулары. Балалар жұптасып жаттығу орындайды

Мақсаты: Бұлшықет топтарын дамыту, үйлесімді қимыл жасау, жүптық өзара әрекетке дағдылану.

1. «Қапталға-жоғарыға көтеру» – Б.қ тұрып жұбымен бірге қолдарын капталға-жоғарыға көтерді. Қайталану: 5-6 рет. Дамытады: зейін мен ептілікті.

2. « Оңға-солға еңкейу» – Б.қ тұрып жұбымен бірге қолдарын оңға-солға еңкейтеді. Қайталану: 5-6 рет. Дамытады: иық және кеуде бұлшықеттерін дамыту

3. «Отырып тұру» Б.қ жұбымен бірге отырып тұрады. Қайталану: 5-6 рет. Дамытады: іш бұлшықеттері мен серіктестікті сезеді.

4. «Арқамен тіреліп отырып-тұру» – арқамен арқасын тіреп, бірге отырып-тұру. Қайталану: 4–5 рет. Дамытады: аяқ пен арқа бұлшықеттерін дамытады.

5. «Бірге секіреміз» – қол ұстасып бірге және бір аяқпен кезек секіру. Қайталану: 5–6 рет. Дамытады: ырғақ, тепе-теңдік.

6. «Велосипед» – Б.қ жерге аяқтарын теңестіріп отырады. Содан соң велосипед айдаған секілді аяқтарын қозғайды. Қайталану: 5–6 рет. Дамытады: аяқ бұлшықеттерін дамытады.

Негізгі қимыл жаттығулары.

- Бөрене үстімен төрт тағандан жүру және жердегі жіптің бойымен табанды жерге толық тигізіп, ұсақ адыммен жүру жаттығуларын бірге орындайсыңдар. Педагог балаларды екі командаға бөліп, қатарға тұрғызады да бөрене үстінде төрт тағандан жүру және жердегі жіптің бойымен табанды жерге толық тигізіп, ұсақ адыммен жүру жаттығуларын көрсетеді.

- Екі бала жұптасып допты таяқшаға орналастырып, апарып алып келеді.

«Торғайлар мен мысық» қимылды ойыны.

Максат-міндеттер.

Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу.
Ептілік дағдыларын арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

Ойын шарты.

Бір бала мысықтың рөлін, қалған балалар торғайлардың рөлін ойнайды. Торғайлар ұшып жүреді, мысық жатады. Педагог:

– Мысық! Мысық! деген кезде Мысық тұрып, алаңдағы торғайларды қуа жөнеледі. Торғайлар ұяларына ұшады. Мысық ұстап алған торғайларды үйіне апарды. Осылай 3-4 торғайды ұстағаннан кейін, ойынды басқа бала жалғастырады.

Ойын 2-3 рет ойналады.

III. Қорытынды бөлім.

Педагог: - Балалар, сендер бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетке жақсы қатысып, мен берген тапсырмалардың бәрін жақсы орындадыңдар. Жарайсыңдар, бәрі керемет болды. Балалар, сендер өте белсенді, ептісіңдер! Жарайсыңдар, балалар! Ұйымдастырылған іс-әрекет аяқталды, сау болыңдар!

Күтілетін нәтиже:

- Балалар жұппен бірге әрекет етуді үйренеді;
- Бұлшықеттері мен қозғалыс координациясы дамиды;
- Қуаныш, достық және серіктестік сезімдері артады.

